Әділет

# Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларын бекіту туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2013 жылғы 05 наурыздағы № 08-1-1-1/71 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 07 наурыздағы № 175 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 10 сәуірде № 8407 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 24 қарашадағы № 11-1-2/555 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қарашадағы № 1100 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 24.11.2016 № 11-1-2/555 және ҚР Ішкі істер министрінің 28.11.2016 № 1100 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ**:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту туралы қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Қазақстан Республикасының визаларын беру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушысының 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 08-1-1-1/457 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 488 бірлескен бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 20 қаңтардағы № 6011 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде жарияланған, 2010 жыл, № 10 (07.07.2010));

2) «Қазақстан Республикасының визаларын беру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 14 желтоқсандағы № 08-1-1-1/457 және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 488 бірлескен бұйрығына толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы № 08-1-1-1/24 және Қазақстан Республикасы Ішкі

істер министрінің 2012 жылғы 25 қаңтардағы № 45 бірлескен бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7416 тіркелген ) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің міндетін атқарушы* *Қ. Сарыбай*

*Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі* *Қ. Қасымов*

«Келісілген»
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитетінің төрағасы
___________ Н. Әбіқаев
2013 жылғы 04 сәуір

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2013 жылғы 7 наурыздағы № 175
және Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
міндетін атқарушының
2013 жылғы 5 наурыздағы
№ 08-1-1-1/71
бірлескен бұйрығымен бекітілген

# Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидалары

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі № 217 Жарлығымен бекітілген Қазақстан

Республикасының Консулдық жарғысымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 қаулысымен бекітілген Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларына сәйкес әзірленген және шетелдіктерге Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалардың ережесі азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азаматтығы жоқ адам – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзін басқа мемлекеттің азаматы болып табылатыны туралы дәлелі жоқ адам;

2) бизнес-көшіп келушілер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру мақсатында келген көшіп келушілер;

3) бұрынғы отандас – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында немесе Қазақстан Республикасында туған немесе бұдан бұрын азаматтығында болған және шетелде тұрақты тұратын адам;

4) визалық қолдау – бұл Қазақстанға келуге Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде (бұдан әрі – ҚР СІМ) ресми ресімделген шетелдіктің шақыру қағазы;

5) жол жүру құжаты – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға құқық беретін Қазақстан Республикасы таныған мемлекет немесе халықаралық ұйым берген шетелдік паспорт немесе өзге де құжат;

6) көшіп келуші – Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам;

7) келуге және кетуге берілетін рұқсат (бұдан әрі – виза) – осыған уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының көшіп-қонушының паспортындағы немесе оны ауыстыратын құжатындағы белгісі, ол визада белгіленген уақытқа, мақсаттарда және шарттармен Қазақстан Республикасының аумағына келуге, оның аумағы арқылы жүріп-тұруға, онда болуға және Қазақстан Республикасының аумағынан кетуге құқық береді;

8) Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері (бұдан әрі – ҚР-дың шет елдердегі мекемелері) – Қазақстан Республикасының шет елдерде орналасқан дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктері, содай-ақ консулдық мекемелері;

9) қолдаухат – виза беру туралы заңды тұлғаның немесе жеке адамның, сондай-ақ Қазақстан Республикасына келуге ниет білдірген адамның жазбаша өтініші;

10) ҚР СІМ нұсқауы – нақты міндеттерді шешу мақсатында қабылданатын, соның ішінде Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және/немесе Үкіметінің тапсырмасына ҚР-дың шет елдердегі мекемелерінің, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, дипломатиялық өкілдіктердің, шетелдік мемлекеттердің консулдық мекемелерінің, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдар мен олардың өкілдіктерінің өтінішіне негізделген Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің лауазымды қызметкерлерінің жедел шешімі;

11) маусымдық шетелдік жұмыскерлер – бір жылдан аспайтын, климат немесе өзге де табиғат жағдайларына байланысты белгілі бір кезеңнің ( маусымның) ішінде атқарылатын маусымдық жұмыстарды орындау үшін жұмыс берушілер жұмысқа тартатын көшіп келушілер;

12) миссионерлік қызмет – шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктердің атынан Қазақстан Республикасының аумағында діни ілімді таратуға бағытталған қызметі;

13) растаухат – осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысанда ресімделген шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды қабылдауға шақыруды растайтын Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жолданған шақырушы тараптың жазбаша өтініші;

14) тұрақты тұруға арналған рұқсат – белгіленген талаптар сақталған кезде және оларға Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұру құқығын Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі беретін құжат;

15) форс-мажорлық жағдайлар – төтенше немесе болдырмайтын жағдайлардың салдарынан туындайтын, алдын алуға болмайтын кедергі күштер ( дүлей апаттар, әскери әрекеттер және басқа да ұқсас жағдайлар);

16) халықаралық өзара түсіністік қағидаты – екі мемлекеттің азаматтары үшін визаларды ресімдеу кезінде тең жағдайлар ұсыну;

17) халықаралық ұйым – мемлекетаралық немесе үкіметаралық ұйым;

18) шақырушы адам – Қазақстан Республикасында тұратын және Заңға сәйкес отбасын біріктіру мақсатында өз отбасы мүшелерінің Қазақстан Республикасына келуіне жәрдемдесетін жеке адам;

19) шақырушы тарап – Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдары, облыстық әкімдердің аппараттары (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) дипломатиялық өкілдіктер, шетелдік мемлекеттердің консулдық мекемелері, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдар және олардың өкілдіктері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасында тіркелген заңды тұлғалар (бұдан әрі – заңды тұлға), сондай-ақ шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға виза беру туралы қолдаухатпен өтініш білдірген жеке адамдар;

20) шетелдік – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын және өзінің басқа мемлекеттің азаматы болып табылатыны туралы дәлелі бар адам;

21) этникалық қазақ – шетелде тұрақты тұратын ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.

3. Егер Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда осы Қағидаларда қарастырылғаннан өзге қағидалар белгіленсе, онда халықаралық келісімнің нормалары қолданылады.

4. Визаны беруді:

1) шетелде – ҚР-дың шет елдердегі мекемелері;

2) Қазақстан Республикасының аумағында:

ҚР СІМ;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің көші-қон полициясының құрылымдық бөлімшелері, оның Астана, Алматы қалаларындағы және облыстардағы ішкі істер департаменттері (бұдан әрі – ҚР ІІМ) жүргізеді.

Қазақстан Республикасының визасы визалық қолдаудың, сондай-ақ осы Қағидаларда көзделген ережелердің негізінде ресімделеді.

5. Визалардың ұзартылуын осы Қағидалармен көзделген тәртіпте ҚР СІМ және ҚР ІІМ жүзеге асырады.

6. Виза беру, визалық қолдауды ресімдеу және шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында болуы туралы шешімдерді (визаның санаты, мәртелігі және қолданыс мерзімі) қабылдар алдында шетелдік азаматы болып табылатын немесе тұрақты тұратын елдің саяси және көші-қон ахуалы есепке алынады.

7. Визалық құжаттарды Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (бұдан әрі – ҚР ҰҚК) келісу ақпараттық жүйені пайдалану арқылы жүзеге асырады.

8. Қазақстан Республикасының визаларына:

1) ҚР СІМ-нің және шет елдердегі мекемелерінің уәкілетті қызметкерлері;

2) ҚР ІІМ-нің уәкілетті қызметкерлері қол қояды.

9. ҚР СІМ-нің, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің және ҚР ІІМ-нің визаларға қол қоюға уәкілетті адамдардың қол қою үлгілерін ҚР СІМ, ҚР ІІМ, ҚР ҰҚК Шекара қызметтеріне 3 данада жолдайды.

10. Қазақстан Республикасының берілген визаларының есебі ақпараттық жүйе немесе осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес әрбір санаттағы виза үшін журналдар есебі немесе ақпараттық жүйеден берілген визаларды басып шығару жолымен журналды толтыру арқылы жүргізіледі. Журналдар нөмірленген, тігінделген, сондай-ақ ҚР СІМ, ҚР шет елдердегі мекемелерінің және ҚР ІІМ-нің уәкілетті қызметкерлерінің қолымен және мөртаңбасымен

куәландырылуы тиіс.

ҚР СІМ, ҚР ІІМ және ҚР ҰҚК ресімделіп жатқан, берілген және келісілген визалар бойынша бірыңғай статистикалық деректерді ақпараттық жүйеге қалыптастырады.

11. Визалық жапсырмалардың бланкілері қатаң есептегі құжат болып табылады және бланкілер ҚР СІМ-нің тапсырысы бойынша жасалады. Визалық жапсырмалар бланкілерінің қозғалысы мен жұмсалуына бақылауды ҚР СІМ жүзеге асырады.

12. ҚР шет елдердегі мекемелері әр айдың 5-не ҚР СІМ-ге осы Қағидалардың 3-қосымшаларына сәйкес берілген визалар, консулдық алымды төлеу шотына түскен ақшалай қаражат туралы бекітілген үлгідегі статистикалық есепті тапсырады.

Астана және Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаментінің Көші-қон басқармалары ҚР ІІМ-ге осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес берілген визалар, визалардың қолдану мерзімдері, мемлекеттік бажды төлеу шотына түскен қаражат, визалық жапсырмалардың шығыны туралы статистикалық есепті тапсырады.

ҚР ІІМ тоқсан сайын ҚР СІМ-ге осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес берілген визалар, визалардың қолдану мерзімін ұзарту, мемлекеттік бажды төлеу шотына түскен қаражат, визалық жапсырмалардың шығыны туралы есепті жолдайды.

## 2. Визаның қолдану мерзімі, мәртелігі және болу мерзімі

13. Виза бір мәртелік, екі мәртелік, үш мәртелік және көп мәртелік болуы мүмкін.

14. Бір мәртелік визалар шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға (бұдан әрі – виза алушылар) бір мәрте Қазақстан Республикасына келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге құқық береді. Екі мәртелік, үш мәртелік және көп мәртелік визалар виза алушыларға тиісінше екі, үш және көп мәрте Қазақстан Республикасына келуге және Қазақстан Республикасынан кетуге, немесе визаның қолдану мерзімінің шегінде Қазақстан Республикасына келуге құқық береді.

Бір мәртелік кету визалары тиісінше Қазақстан Республикасы аумағынан бір мәртелік шығуға құқық береді.

15. Виза алушыларға визаның қолдану мерзімі, мәртелігі және Қазақстан Республикасының аумағында болу мерзімі осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес айқындалады.

16. Осы Қағидалардың 6-қосымшасынан басқа халықаралық өзара түсіністік қағидатын ескере отырып, аталған санаттардағы көп мәртелік визалар ең ұзақ мерзімдерге берілуі мүмкін.

## 3. Визалардың түрлері мен санаттары

17. Визалар түрлері бойынша:
1) көшіп келуге жатпайтын;
2) көшіп келу;
3) кету болып бөлінеді.

18. Мыналар:
1) «A1», «A2» және «A3» – дипломатиялық;
2) «B1», «B2» және «B3» – қызметтік;
3) «C1» және «C2» – инвесторлық;
4) «D1», «D2», «D4», «D5», «D6», «D7», және «D8» – іскерлік;
5) «E1» «E2» және «E3» – миссионерлік;
6) «F1» – туристік;
7) «G1», «G2», «G3» және «G4» – жеке;
8) «H1» – транзиттік көшіп келуге жатпайтын визаларға жатады.

19. Мыналар:
1) «J1», «J2» және «J3» – тұрақты тұру;
2) «K1», «K2» және «K3» – отбасын біріктіру;
3) «L1» және «L2» – білім алу;
4) «M1», «M2», «M3», «M4» және «M5» – еңбек қызметін жүзеге асыру;
5) «N1» және «N2» – гуманитарлық уәждер көшіп келу визаларына жатады.

20. «P1», «P2», «P3», «P4», «P5», «P6», «P7» және «P8» кету визаларына жатады.

21. Визаның түрі мен санаты виза алушының Қазақстан Республикасына келу мақсатымен сәйкес келуі тиіс. Визалардың түрлері мен санаттары туралы сипаттама осы Қағидалардың 6-қосымшасында көрсетілген.

## 4. Көшіп келуге жатпайтын визалар

### 1-параграф. Дипломатиялық виза

22. «A1» және «A2» санаттарындағы визалар:
1) визалық қолдау;
2) вербалдық нота;
3) ҚР СІМ-нің нұсқауы негізінде беріледі.

«А3» санатындағы виза шақырылушы шетелдіктің тағайындалатын лауазымын, ал ротация жағдайында ол кімнің орнына тағайындалды, сол қызметкердің лауазымы, тегі мен аты көрсетілген шетелдік мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің, консулдық мекемесінің, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымның немесе оның өкілдігінің вербалдық нотасы негізінде ресімделген визалық қолдауы бар болған кезде беріледі.

«А1» және «А2» санаттарындағы бір мәртелік визалар осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының бір мәртелік «А1», «А2», «В1 », «В2», «D1» және «G1» санаттарындағы, сондай-ақ бір мәртелік және екі мәртелік «F1» санатындағы визаларын ресімдеу кезінде азаматтары визалық қолдау немесе шақыру қағазын міндетті түрде көрсетуден босатылатын мемлекеттер тізімінде (бұдан әрі – Мемлекеттер тізімі) көрсетілген елдердің азаматтарына шақырусыз және визалық қолдаусыз осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, жазбаша қолдаухаттары бойынша беріледі.

23. «А1», «А2», «А3» санаттарындағы визалар:

1) егер Қазақстан Республикасында дипломатиялық ісі танылмайтын елдің азаматы дипломатиялық паспортын ұсынған жағдайда;

2) егер дипломатиялық поштаны тасушы адамның дипломатиялық паспорты жоқ болса берілмейді.

## 2-параграф. Қызметтік виза

24. Қазақстан Республикасына қызметтік мақсатпен жіберілетін виза алушыларға «В1», «В2», «В3» санаттарындағы визалар беріледі.

25. «В1», «В2» санаттарындағы визалар:

1) визалық қолдау;

2) вербалдық нота;

3) қолдаухат негізінде беріледі.

«В3» санатындағы виза шақырылушы шетелдіктің тағайындалатын лауазымын, ал ротация жағдайында ол кімнің орнына тағайындалды, сол қызметкердің лауазымы, тегі мен аты көрсетілген шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінің, консулдық мекемесінің, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымның немесе оның өкілдігінің вербалдық нотасы негізінде ресімделген визалық қолдауы бар болған кезде беріледі.

«В1» және «В2» санаттарындағы бір мәртелік визалар Мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарына шақырусыз және визалық қолдаусыз осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, жазбаша қолдаухаттары бойынша беріледі.

## 3-параграф. Инвесторлық виза

26. Қазақстан Республикасына инвесторлық мақсатпен жіберілетін виза алушыларға «С1» және «С2» санаттарындағы визалар беріледі.

27. «С1» санатындағы виза Қазақстан Республикасы инвестиция жөніндегі құзыретті органының қолдаухатының негізінде ресімделген визалық қолдауы болған кезде беріледі.

28. «С2» санатындағы виза шетелдік заңды тұлғалардың немесе Қазақстан Республикасының инвестиция жөніндегі құзыретті органының қолдаухаты бар болған кезде ҚР СІМ басшылығының нұсқауы немесе ҚР-дың шет елдердегі мекемелері басшылығының өтініш білдіруі бойынша үш жұмыс күніне дейін шақырусыз беріледі.

## 4-параграф. Іскерлік виза

29. Қазақстан Республикасына іскерлік мақсатпен жіберілетін виза алушыларға «D1», «D2», «D3», «D4», «D5», «D6», «D7», «D8» санаттарындағы визалар беріледі.

30. «D1» санатындағы визалар визалық қолдаудың, ҚР СІМ-нің нұсқауымен немесе Мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтары өтініштерінің негізінде беріледі.

«D1» санатындағы бір мәртелік визалар Мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарына шақырусыз және визалық қолдаусыз осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып жазбаша қолдаухаттары бойынша беріледі.

31. «D2» санатындағы визалар визалық қолдаудың негізінде немесе Қазақстан Республикасының аумағында бір жыл ішінде 30 тәуліктен көп емес мерзім аралығында шетелдіктің үзіліссіз болу қажеттігін растайтын құжаттар ( нотариалды куәландырылған келісімшарттардың, келісімдердің, шарттардың көшірмелері қазақ немесе орыс тілдерінде) бар болған кезде ҚР СІМ-нің нұсқауымен беріледі.

32. «D3» санатындағы визалар визалық қолдаудың негізінде немесе Қазақстан Республикасының аумағына шетелдіктің көп мәрте келу қажеттігін (нотариалды куәландырылған келісімшарттардың, келісімдердің, шарттардың көшірмелері қазақ немесе орыс тілдерінде) растайтын құжаттар бар болған кезде ҚР СІМ-нің нұсқауымен беріледі.

33. «D4» санатындағы визалар визалық қолдаудың негізінде немесе ҚР СІМ-нің нұсқауымен беріледі.

34. «D5», «D6», «D7» санатындағы визалар визалық қолдаудың негізінде, ҚР СІМ нұсқауымен немесе халықаралық өзара түсіністік қағидаты негізінде

беріледі.

35. «D8» санатындағы виза Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің растаухаты бар болған кезде ресімделген визалық қолдау негізінде беріледі.

36. Қазақстан Республикасына «D4», «D5» санаттарындағы визалардың негізінде виза алушылар Қазақстан Республикасының аумағына кіруді тек алынған визаның санатына сәйкес көлікте жүзеге асырады.

«D1», «D2», «D3» санаттарындағы визалар этникалық қазақтарға (олардың ұлттық қатыстылығын растайтын құжаттары бар болған кезде) шақырусыз, визалық қолдаусыз және «D2» и «D3» санаттарына арналған арнайы шарттары бойынша, осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, қолдаухаттар негізінде беріледі.

## 5-параграф. Миссионерлік (діни) виза

37. Қазақстан Республикасына миссионерлік мақсатпен жіберілген виза алушыларға «E1», «E2» және «E3» санаттарындағы визалар беріледі.

«E3» санатындағы виза визалық қолдау, «E2» санатындағы визаны алуға ниет білдірген адамдармен туысқандығын растайтын құжаттары бар болған кезде, сондай-ақ «E2» санатындағы визаның көшірмесін ұсына отырып беріледі.

Аталған санаттағы визаның қолданыс мерзімі «E2» санатындағы визасы бар отбасының негізгі мүшесі визасының қолданыс мерзімінен аспауы тиіс.

38. «E1», «E2» және «E3» санаттарындағы визалар діни қызмет саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісілген шақыру қағазының негізінде ресімделген визалық қолдауы бар болған кезде беріледі.

39. «E1», «E2» және «E3» санаттарындағы визалар виза алушыларға шетелдік азаматы болып табылатын елде немесе тұрақты тұратын мемлекетте орналасқан ҚР-дың шет елдердегі мекемелерінде, ал ол болмаған жағдайда қоса қызмет атқару бойынша аккредиттелген ҚР-дың шет елдердегі мекемелерінде беріледі.

## 6-параграф. Туристік виза

40. Қазақстан Республикасына туристік мақсатпен келетін виза алушыларға « F1» санатындағы виза беріледі.

«F1» санатындағы визалар визалық қолдаудың негізінде немесе туроператорлық, турагенттік қызметті, туризм нұсқаушысы қызметтерін көрсетуге лицензиясы бар Қазақстан Республикасының туристік ұйымының шетелдікті қабылдау туралы растауы бар болған кезде ҚР СІМ-нің нұсқауымен, сондай-ақ Мемлекеттер тізімінде көрсетілген мемлекеттер азаматтарының қолдаухаттары негізінде шетелдіктерге беріледі.

«Ғ1» санатындағы бір және екі мәртелік визалар Мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарына шақырусыз және визалық қолдаусыз осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, жазбаша қолдаухаттары бойынша беріледі.

«Ғ1» санатындағы визалар этникалық қазақтарға (олардың ұлттық қатыстылығын растайтын құжаттары бар болған кезде) шақырусыз, визалық қолдаусыз осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, қолдаухаттар негізінде беріледі.

## 7-параграф. Жеке виза

41. Қазақстан Республикасына жеке мақсатпен жіберілетін виза алушыларға « G1», «G2», «G3», «G4» санатындағы визалар беріледі.

42. «G1» санатындағы визалар мынадай құжаттардың біреуінің:

1) шетел мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдар мен олардың өкілдіктерінің шақыруы негізінде ресімделген ҚР СІМ-нің нұсқауы;

2) олардың ұлттық тиістілігін және олардың отбасыларының мүшелері екендігін растайтын құжаттар бар болған кезде этникалық қазақтардың қолдаухаты;

3) Мемлекеттер тізімінде көрсетілген мемлекеттер азаматтарының қолдаухаты;

4) ҚР ІІМ-мен келісілген Қазақстан Республикасы азаматтарының, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың шақыруы;

5) Қазақстан Республикасы аумағындағы түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдармен кездесу үшін жіберілген виза алушыларға ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің шешімі негізінде ресімделген ҚР СІМ-нің нұсқауы;

6) растайтын құжаттары бар болған кезде, Қазақстан Республикасына жерлеуге немесе туысқанының/жақындарының ауыруына байланысты жіберілген виза алушылардың қолдаухаттары;

7) олардың Қазақстан Республикасымен байланысын растайтын құжаттары бар болған кезде (ұлттық паспортында Қазақстан Республикасындағы туған жері туралы баған немесе Қазақстан Республикасының туу туралы куәлігі, Қазақстан Республикасында туысқанының жерленгені туралы құжат, Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу немесе Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылуы туралы анықтама) виза алушылардың қолдаухаты;

8) жұбайы, балалары (соның ішінде асырап алған балалар) немесе ата-анасымен бірге Қазақстан Республикасына келуші Қазақстан Республикасы азаматының қолдаухаты негізінде беріледі.

«G1» санатындағы бір мәртелік визалар Мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарына 30 күнге дейін шақырусыз және визалық қолдаусыз осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып жазбаша қолдаухаттары бойынша беріледі.

«G1» санаттындағы визалар этникалық қазақтарға (олардың ұлттық қатыстылығын растайтын құжаттары бар болған кезде) шақырусыз, визалық қолдаусыз осы Қағидалардың талаптарын сақтай отырып, қолдаухаттар негізінде беріледі.

43. «G2» санатындағы визалар мынадай құжаттардың біреуінің:

1) негізгі қызметі медициналық көмек көрсету (бұдан әрі-медициналық ұйым) болып табылатын Қазақстан Республикасында орналасқан медициналық ұйымдардың шақыруы бар болған кезде емделу, медициналық тексеру немесе консультациялар алу үшін Қазақстан Республикасына жіберілген виза алушыларға визалық қолдау немесе ҚР СІМ-нің нұсқауы;

2) медициналық ұйымдардың оларды стационарлық жағдайда емдеу қажеттілігі туындаған кезде ҚР-да жүрген виза алушыларға қатысты стационарлық жағдайда емделу қажеттілігін растайтын құжаттары бар болған кезде шақырушы тараптың немесе шақырушы адамның қолдаухаты;

3) Қазақстан Республикасының азаматтары – жақын туыстарын, немесе Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын стационарлық жағдайда емделіп жатқан шетелдікті қарау мақсатында Қазақстан Республикасына жіберілген немесе Қазақстан Республикасында жүрген виза алушыларға медициналық ұйымдармен берілген аурудың стационарлық жағдайда емделіп жүргендігін растайтын құжаттар бар болған кезде қолдаухат немесе визалық қолдауды;

4) осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көрсетілген жағдайларды растайтын осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көрсетілген адамдарды алып жүруші виза алушыларға қатысты құжаттар негізінде беріледі.

44. «G3» санатындағы визалар балалардың құқығын қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті органынан қолдаухаты болған кезде визалық қолдаудың негізінде беріледі.

45. «G4» санатындағы визалар Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын виза алушыларға Қазақстан Республикасының азаматтары (қамқоршылар немесе қорғаншылар) - кәмелетке толмаған адамдарға ата-аналарының өтініштерінің негізінде беріледі.

## 8-параграф. Транзиттік виза

46. Қазақстан Республикасына транзитпен жіберілген виза алушыларға «H1» санатындағы визалар беріледі.

«H1» санатындағы виза бару еліне келуге құқық беретін жол жүру құжаттары бар болған кезде қолдаухат негізінде Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өту үшін беріледі.

47. «H1» санатындағы виза шекаралас елге Қазақстан Республикасы аумағы арқылы жеке көлік құралымен өтетін шетелдікке осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес құжаттардың, сондай-ақ аталған адамда жүргізуші куәлігі мен көлік құралын иелену туралы тиісті құжаттар бар болған кезде беріледі.

## 5. Көшіп келу визасы

## 1-параграф. Тұрақты тұруға арналған

48. Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына жіберілген немесе Қазақстан Республикасына келуші виза алушыларға «J1», «J2» және «J3» санаттарындағы визалар беріледі.

49. «J1» санатындағы визалар ҚР СІМ-нің нұсқауы немесе Заңның 19-бабында қарастырылған комиссияның оралмандарды иммиграциялық квотаға қосу туралы оң шешімі болған кезде, осы Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеу үшін қажетті құжаттар тізімінің 7-тармақшасында көрсетілген құжаттар (бұдан әрі – Құжаттар тізімі) негізінде беріледі.

50. «J2» санатындағы визалар визалық қолдау, ҚР СІМ-нің нұсқауы немесе ҚР ІІМ және ҚР ҰҚК келісімі бойынша, Құжаттар тізімінің 8) тармақшасында көрсетілген құжаттар негізінде беріледі.

51. «J3» санатындағы визалар Мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің азаматтарының және этникалық қазақтардың (олардың ұлттық қатыстылығын растайтын құжаттары бар болған кезде) оларды Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға қалдыру туралы қолдаухаты негізінде беріледі.

«J1» және «J2» санатындағы визалар шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстан Республикасында тұрақты тұруына және тұру ықтиярхатын ресімдеуіне негіз болып табылады.

## 2-параграф. Отбасын біріктіру

52. Қазақстан Республикасына отбасын біріктіру мақсатында жіберілетін виза алушыларға «K1», «K2» және «K3» санатындағы визалар беріледі.

53. «K1» санатындағы виза ҚР СІМ-нің нұсқауымен немесе ҚР ІІМ келісілген Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтарының шақыруы негізінде беріледі.

54. «K2» санатындағы виза ҚР СІМ-нің нұсқауымен немесе ҚР ІІМ-мен (екі жылға дейінгі мерзімге) келісілген этникалық қазақтардан басқа бұрынғы отандастардың Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат алған шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың шақыруы негізінде беріледі.

55. «K3» санатындағы виза ҚР СІМ-нің нұсқауымен немесе шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасында тұрақты тұрып жатқан, және де бизнес - көшіп келушілердің ҚР ІІМ келісілген қолдаухатының негізінде беріледі.

56. Мына адамдар:

1) Қазақстан Республикасының азаматтары;

2) Қазақстан Республикасы аумағында уақытша тұрып жатқан этникалық қазақтар және бұрынғы отандастар;

3) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрып жатқан көшіп келушілер, және бизнес-көшіп келушілер шақырушы адам болып табылады.

Шақырушы адам Заңға сәйкес отбасын біріктіру мақсатында өз отбасының мүшелерін – виза алушыларды Қазақстан Республикасы аумағына келуі туралы қолдаухат береді.

## 3-параграф. Білім алу

57. Қазақстан Республикасына білім алу мақсатында жіберілетін виза алушыларға «L1» және «L2» санаттарындағы визалар беріледі.

58. «L1» және «L2» санаттарындағы визалар визалық қолдау немесе Қазақстан Республикасының білім беру мәселелері жөніндегі уәкілетті органының өтініші бар болған кезде ҚР СІМ-нің нұсқауы негізінде беріледі.

## 4-параграф. Еңбек қызметін жүзеге асыру

59. Қазақстан Республикасына еңбек қызметін жүзеге асыруға жіберілген виза алушыларға «M1», «M2», «M3», «M4» және «M5» санаттарындағы визалар беріледі.

60. «M1» санаттағы виза:

1) виза алушы жұмыскерге немесе шетелдік жұмыс күшін тарту үшін жұмыс берушіге берілген еңбек қызметін жүзеге асыру рұқсат қағазының негізінде ресімделген визалық қолдауы бар шетелдікке;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасына жұмысқа бара жатқан және жұмысқа орналасуға немесе шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу қажеттілігі жоқ виза алушыларға беріледі.

61. «М2» санаттағы виза «М1» санатындағы визаны алуға ниет білдірген адамдармен туыстығын растайтын құжаттардың, сондай-ақ оларға «М1» санатта берілген визалардың көшірмелері, заңды тұлғаның растаухаты негізінде ресімдеген визалық қолдауы бар болған кезде беріледі.

Аталған санаттағы визаның қолдану мерзімі негізгі отбасы мүшесінің «М1» санатындағы визасының қолдану мерзімінен аспауы тиіс.

62. «М3» санатындағы виза визалық қолдаудың негізінде беріледі.

63. «М4» санаттағы визалар осы Қағидалардың 1-қосымшасының нысанына сәйкес астананың, республикалық маңызы бар қалалардың және Қазақстан Республикасы облыстарының жергілікті атқарушы органдарының растаухаттарының негізінде ресімделген визалық қолдауы бар болған кезде беріледі.

«М4» санаттағы визаны алуға ниет білдірген адамдарға визаны Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері береді.

Этникалық қазақтар қатарындағы, оның ішінде келудің және болудың визасыз тәртібі туралы Қазақстан Республикасымен келісім жасасқан мемлекеттерден келген бизнес-көшіп келушілердің келуіне виза және уақытша тұруына арналған рұқсат үш жылға дейінгі мерзімге беріледі.

64. «М5» санаттағы виза заңды тұлғаның растаухатының негізінде және жұмысқа орналасуға шетелдік қызметкерге немесе шетелдік жұмыс күшін тартуға жұмыс берушіге берілген рұқсаттың қолдану мерзіміне ресімделген визалық қолдау бар болған кезде беріледі.

65. Қазақстан Республикасының аумағына Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығында (бұдан әрі – АӨҚО) еңбек қызметін жүзеге асыру үшін келетін шетелдік жұмыскерлерге виза Алматы қаласының халықаралық әуежайында АӨҚО-ның қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның растаухаты негізінде ресімделген визалық қолдау бар болған кезде беріледі.

## 5-параграф. Гуманитарлық уәждер бойынша көшіп келу визасы

66. Гуманитарлық және саяси уәждер бойынша Қазақстан Республикасына жіберілетін немесе Қазақстан Республикасына келуші виза алушыларға «N1» және «N2» санатындағы визалар беріледі.

67. «N1» және «N2» санаттарындағы визалар Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдардың немесе болу елінде сол елдің заңнамасына сәйкес ресми түрде тіркелген шетелдік үкіметтік емес қоғамдық ұйымның (қор) қолдаухаты бар болған кезде визалық қолдаудың негізінде беріледі.

## 6. Кету визасы

68. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерімен өзге тәртіп белгіленбесе, шетелдіктерге Қазақстан Республикасынан кету үшін бір мәртелік «P1», «P2», «P3», «P4», «P5», «P6», «P7» және «P8» санаттарындағы визалар беріледі.

69. «P1» санатындағы визалар ішкі істер органдары рұқсатының негізінде беріледі.

70. «P2» санатындағы визалар қолдаухаттың немесе тұрақты тұратын еліне қайту туралы куәліктің, немесе Қазақстан Республикасының аумағына келгендігін және ішкі істер органдарында тіркелгендігін растайтын деректер бар болған кезде, адамның жеке басын куәландыратын құжат негізінде беріледі.

71. «P3» санатындағы визалар Қазақстан Республикасында шетелдіктің бұдан әрі болуына негіз жоқтығы туралы ішкі істер органдары қорытындысының негізінде беріледі. Қазақстан Республикасында болу мерзімін қысқарту шетелдіктің қолындағы визаның күшін жою және оған кету визасын ресімдеу арқылы жүргізіледі.

72. «P4» санатындағы визалар Қазақстан Республикасында шетелдіктің бұдан әрі болуына негіз жоқтығы туралы ішкі істер органдарының қорытындысы мен сот қаулысының негізінде беріледі.

73. «P5» санатындағы визалар егер істің жағдайлары әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартуға себеп болмаса, Қазақстан Республикасында шетелдіктің бұдан әрі болуына негіз жоқтығы туралы ішкі істер органдарының қорытындысының негізінде беріледі.

74. «P6» санатындағы визалар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің өтініштері негізінде беріледі.

75. «P7» санатындағы визалар Қазақстан Республикасы аумағынан визаның жарамдылық мерзімі немесе визасыз болуға рұқсат етілген мерзім аяқталғанға дейін кетуге кедергі жасайтын форс-мажорлық жағдайлардың, пойыздың жүруі немесе өзге көлік құралы рейсінің тоқталуын және кідіруінің пайда болуын дәлелдейтін құжаттар негізінде беріледі.

76. «P8» санатындағы виза қылмыстық іздестіру органымен берілген өтініштің тіркелгені туралы хабарлама талоны бар болған кезде қолдаухат негізінде рәсімделеді.

## 7. Визалардың орнына жүретін құжаттар

77. Мыналар:

1) дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдар және/немесе олардың өкілдіктерінің басшыларына, персоналдар мүшелеріне, Қазақстан Республикасында аккредиттелген консулдық мекемелердің жұмысшыларына, сондай-ақ олардың отбасы мүшелеріне ҚР СІМ берген аккредитациялық куәлік;

2) ҚР ІІМ берген Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға арналған рұқсат (тұру ықтиярхаты);

3) ҚР ІІМ берген азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

4) жол жүру құжатында шығарып жіберу туралы мөртабан болған кезде шетелдікті шығарып жіберу туралы соттың қаулысы;

5) ҚР ІІМ берген босқынның жол жүру құжаты.

6) ҚР ІІМ баспана іздеген адамға берген куәлігі визаны ауыстыратын құжаттар болып табылады.

## 8. Топтық визалар

78. Шетелдіктер тобы ұйымдасқан түрде Қазақстан Республикасының аумағына кіргенде немесе Қазақстан Республикасының аумағынан кеткенде немесе Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзитпен өткен кезде топтық визалар ресімделеді.

79. Топтың барлық мүшелерінің Қазақстан Республикасы аумағына келу және Қазақстан Республикасы аумағынан кету кезінде шекарадағы бақылау-өткізу пунктіне (бұдан әрі - өткізу пункті) бір уақытта келуі және өтуі, қандай да бір пунктте және Қазақстан Республикасы аумағы бойынша жүргенде топ құрамында болуы осындай визаларды беру үшін шарттар болып табылады.

80. Топтық визалар осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша әліпбилік тәртіпте құрылған атаулы тізімдер түрінде ресімделеді.

Бұл ретте виза жеке параққа жапсырылады.

«Паспорттың №/passport №» деген визалық бағанда «топтық» деп жазылып, «қосымша мәліметтер/additional information» деген бағанда келуші/кетуші адамдардың тізім бойынша саны көрсетіледі (мысалы: «25 адамның тізімі қоса беріледі»).

Визасы бар парақтың астыңғы жағында мынадай жазу жазылады:

«Қоса беріліп отырған тізімде көрсетілген әрбір адам (______ тегінен

басталатын және ________ тегімен аяқталатын) өткізу пунктінде жеке басын куәландыратын, фотосуреті бар, жол жүру құжатын көрсеткен кезде ғана осы виза жарамды».

Визасы бар парақ тізіммен бірге үстіңгі сол жақ бұрышы бүгіліп тігіледі, оған виза беруші ҚР СІМ-нің, ҚР шет елдердегі мекемесінің, ҚР ІІМ-нің елтаңбалық мөрі қойылады.

Визаны берген консулдық лауазымды адам (ҚР ІІМ-нің лауазымды адамы) тізімнің төменгі жағына (лауазымын және тегін көрсетіп) қол қояды, қойылған қол ҚР СІМ-нің, ҚР-дың шет елдердегі мекемесінің немесе ҚР ІІМ-нің мөрімен куәландырылады.

Жабыстырылған визасы бар тізім бір данада жасалынады, түпнұсқа топ жетекшісіне беріледі, бір көшірмесі - Қазақстан Республикасына келу (кету) кезінде өткізу пунктіне тапсырылады, екіншісі - визаны берген Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінде, ҚР СІМ немесе ҚР ІІМ-де қалады. Тізімге түзетулер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

## 9. Визалық қолдауды ресімдеу

81. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктері, консулдық мекемелері, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдар немесе олардың өкілдіктері виза алушыларды шақыру үшін ҚР СІМ-ге растамахат ұсыну жолымен визалық қолдауды ресімдейді.

82. Шақырушы тарап ҚР СІМ-ге осы Қағидалардың 10-қосымшасында көрсетілген құжаттармен бірге растамахат ұсынады.

Визалық қолдауды ресімдеуге арналған құжаттарды шақырушы тарап ақпараттық жүйені пайдалану арқылы ҚР СІМ-ге жолдай алады.

83. Растамахат Қазақстан Республикасына болжанған сапарының басталған күніне дейін екі аптадан кешіктірілмей беріледі.

84. Растамахат үш данада дайындалады, оның екеуі ҚР СІМ-ге тапсырылады, үшіншісі визалық қолдау ретінде виза алушыға жолданады.

Екі немесе одан көп адамдарды шақырған жағдайда, шақырылған адамдар туралы ақпарат электрондық тасығышта ұсынылады және осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес ресімделеді.

85. ҚР СІМ-ге визалық қолдауды ресімдеу үшін ұсынылған қате деректері бар құжаттар қарауға қабылданбайды және олар шақырушы тараптың түзетуінен кейін ҚР СІМ-ге қайта тапсырылады.

86. Визалық қолдауды ресімдеу мерзімі 5 жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Ұсынылған визалық құжаттарды өте мұқият зерделеу немесе қосымша

құжаттарды тапсыру қажет болған жағдайда аталған мерзім ең ұзақ уақыт кезеңге ұзартылуы мүмкін.

Бұл ретте, ҚР ҰҚК оң келісімін алғанға дейін көрсетілген мерзім ұзартылады.

87. ҚР СІМ осы Қағидаларды басшылыққа ала отырып, ұсынылған құжаттарды қарастыру нәтижесі бойынша визалық қолдауды ресімдеу, визаның қолданыс мерзімі және болу мерзімі және шетелдіктің Қазақстан Республикасының визасын алу орыны туралы немесе визалық қолдауды ресімдеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

ҚР СІМ Қазақстан Республикасы аумағына келуге шектеуі бар адамдарға бас тарту уәжін мәлімдеместен виза беруден бас тартады.

88. Шақырушы тарап шетелдіктерге олардың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген құқықтары мен міндеттерін уақытылы түсіндіру жөнінде міндеттерді өзіне алады.

Бұрын Қазақстан Республикасының шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңдарын мен көші-қон заңнамаларын шақырылған шетелдіктермен сақталуын бірнеше мәрте қамтамасыз етпеген жеке және заңды тұлғалар тарапынан Қазақстан Республикасына шетелдіктерді шақыру жөніндегі қолдаухаттары қаралмайды.

## 10. Визаны ресімдеу

89. Барлық санаттағы визалар жалған көшірмелерден қорғайтын өзіндік ерекшелігі бар өздігінен желімделетін арнайы жапсырма түріндегі тасығыш-қағазда жасалады. Визалық жапсырма визаның өзінен (түпнұсқа) және оның сондай нөмірі бар түбіртегінен тұрады. Толтырылған виза шетелдіктердің жол жүру құжаттарына, ал визалық жапсырманың түбіртегі – визалық сауалнамада арнайы белгіленген орынға жапсырылады.

Виза мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) визаны берген мекеменің коды;

2) визаның мәртелігі;

3) визаның санаты және Қазақстан Республикасының аумағында болатын мерзімі;

4) визаның берілген күні;

5) виза алушының тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда);

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өтуге құқық беретін жүру құжатының нөмірі;

7) виза қолданысының басталу күні;

8) виза қолданысының аяқталу күні;

9) шақырған жеке адамның тегі, аты, әкесінің аты немесе заңды тұлғаның

толық атауы;
10) қосымша ақпарат;
11) консулдық алымдарды немесе мемлекеттік баждарды төлеу туралы мәлімет;
12) алып жүретін адамдар туралы мәліметтер;
13) визаны берген адамның тегі.
Жоғарыда аталған мәліметтер осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес толтырылады.
90. Визаларды түзетуге жол берілмейді. Түзетілген визалар жарамсыз болып саналады.
91. Қазақстан Республикасы аумағында «G2», «J3», және «L1» санаттарындағы визалардан басқа санаттағы визаларды біреуінен екіншісіне өзгертуге жол берілмейді.
92. Визалар виза алушыларға жол жүру құжаттарын көрсеткен кезде, егер олардың түпнұсқалығына және иесінікі екендігіне күмән келтірмейтін болса беріледі.
Жол жүру құжатында кем дегенде екі бос бет болуы тиіс.
93. Визаны ресімдеу үшін ҚР СІМ-ге, ҚР–дың шет елдердегі мекемелеріне Құжаттар тізімінде көрсетілген құжаттарды, ал ҚР ІІМ-ге визаларды ресімдеу үшін ҚР ІІМ-не ұсынылатын құжаттардың тізіміне сәйкес осы Қағидалардың 13-қосымшасында көрсетілген құжаттарды тапсырады.
Ұсынылған деректерді анықтау және растау мақсатында консулдық лауазымды адамның сұранысы бойынша бір немесе бірнеше құжаттарды Қазақстан Республикасының визаларын ресімдеу үшін қажетті қосымша құжаттардың тізіміне сәйкес, осы Қағидалардың 14-қосымшасында көрсетілген қосымша құжаттарды ұсыну талап етіледі.
Қолдаухатты қарастыру барысында виза алушыны ҚР-дың шет елдердегі мекемесінің уәкілетті қызметкері әңгімелесуге шақырады.
94. Визаның қолданыс мерзімі жол жүру құжатының қолданыс мерзімі аяқталуына кем дегенде 3 ай қалғанда аяқталуы тиіс.
95. Жол жүру құжатында ескертілмеген тазартулар мен түзетулер, мөр басылмаған фотосуреттер және түптелген парақтар табылған жағдайда, бұл құжаттардың иелеріне виза берілмейді. Жарамсыз немесе жалған жол жүру құжаттарын ұсыну себебі бойынша виза беруден бас тартқан кезде ҚР-дың шет елдердегі мекемелері және ҚР ІІМ міндетті түрде ҚР СІМ-ді хабардар етулері қажет.
96. Шетелдіктер визалық сауалнаманы қолмен анық жазу немесе техникалық құралдарды пайдалану арқылы болу елінің мемлекеттік тілінде, болмаса қазақ немесе ағылшын тілдерінде осы Қағидалардың 15-қосымшасына сәйкес нысан

бойынша толтырады.

Визалық сауалнаманың сұрақтарына жауаптар толық болуы тиіс. Визалық сауалнамаға шетелдіктің тек өзі қол қояды.

Фотосурет (қара түсті көзілдіріксіз және бас киімсіз беті алдынан қарағанда адам анық бейнеленген ақ-қара немесе түрлі-түсті (бас киімді күнделікті кию олардың ұлттық немесе діни қатыстылығының міндетті белгісі болып табылатын шетелдіктерден басқа, шетелдік осындай бас киіммен жол жүру құжатындағы фотосуретте бейнеленген жағдайда) 3,5х4,5 см. көлемінде болуы тиіс.

## 11. Визаларды беру тәртібі

97. ҚР СІМ және ҚР-дың шет елдердегі мекемелері осы Қағидаларда қарастырылған негіздер болған кезде шығу визаларынан басқа, барлық санаттағы бастапқы визаларды береді.

98. Қазақстан Республикасы аумағында:

1) ҚР СІМ – кету визаларынан басқа, барлық санаттағы бастапқы визаларды;

2) ҚР ІІМ – «G2» санаттағы визаларды – осы Қағидалардың 43-тармағы 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген адамдарға, «G4», «J3», «L1» – Қазақстан Республикасының оқу орындарына түскен және Қазақстан Республикасына уақытша келген этникалық қазақтарға, сондай-ақ кету визаларының барлық санаттарын береді.

99. Визалық қолдауда белгіленген визаны алу орыны өзгерген жағдайда, ҚР СІМ-нің келісімі бойынша, өтініш жасаған орыны бойынша ҚР-дың шет елдердегі мекемелерінде виза беріледі.

Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері жоқ шет мемлекеттердің азаматтарына Қазақстан Республикасының визалары визалық қолдау негізінде немесе Қазақстан Республикасының халықаралық әуежайларындағы ҚР СІМ консулдық пункттерінде ҚР СІМ нұсқауы бойынша ресімделеді.

100. Шетелдіктің Қазақстан Республикасының аумағына кіруіне кедергі жасайтын негіздер болған жағдайда, соның ішінде визалық қолдауы бар болған жағдайда да визалар берілмейді, ал ресімделген виза Қазақстан Республикасына кіруге негіз болып табылмайды.

101. ҚР ҰҚК-нің бөлімшелері визаларды ресімдеуді келісуді 3 тәулік ішінде қамтамасыз етуі тиіс. Кету визаларын және «J3» санаттағы визаларды қоспағанда , басқа визалар ҚР ҰҚК-ның келісуінсіз берілмейді. Визаларды беру үшін негіздемелерді анағұрлым міндетті зерделеу қажет болған жағдайда көрсетілген мерзім 7 тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

102. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген адамның қолдаухатын зерделеу кезінде:

1) бұрын Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасын шақырылған шетелдіктердің сақтауын қамтамасыз етпеген заңды және жеке адамдардың тізімі бойынша шақырушы тарап пен жеке адамды тексереді;

2) шетелдіктің жеке қатысуы кезінде онымен болған әңгіме барысында немесе басқа да көздерден алынған мәліметтерді және визалық сауалнамадағы сұрақтарға берілген жауаптардың мазмұнын жол жүру құжатының деректерімен салыстырады;

3) Қазақстан Республикасында болғаннан кейін жол жүру құжаты шетелдікке тұрақты тұратын еліне қайтып оралуына немесе басқа елге шығуына құқық беретіндігін тексереді.

103. Қолдаухатты қарастыру барысында ҚР-дың шет елдердегі мекемесінің уәкілетті қызметкері шетелдіктің елінде немесе тұрғылықты тұру жерінде саяси және көші-қон ахуалында тұрақтылық байқалмайтын шетел азаматын міндетті түрде әңгімелесуге шақырады.

104. Қолдаухатты зерделеу нәтижесінде лауазымды адам виза беру, оның қолданыс мерзімдері мен болу ұзақтығы немесе виза беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

105. «J1» және «J2» санаттағы визалардан басқа визаларды ресімдеу мерзімі 5 жұмыс күнінен аспауы тиіс. Халықаралық өзара қағидатты ескере отырып, виза ресімдеу мерзімін ұзақ уақыт кезеңіне ұзартуға болады.

Ұсынылған визалық құжаттарды өте мұқият зерделеу немесе қосымша құжаттарды тапсыру қажет болған жағдайда аталған мерзім күнтізбелік 30 күнге ұзартылады.

106. ҚР СІМ және ҚР-дың шет елдердегі мекемелері Қазақстан Республикасы аумағына кіруіне шектеуі бар шетелдіктерге бас тарту уәжін хабарламастан виза беруден бас тартады. ҚР-дың шет елдердегі мекемелері бір уақытта бас тарту себебін көрсете отырып, виза беруден бас тарту дерегі туралы ҚР СІМ-ді хабардар етеді.

107. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес визалар консулдық алымдар және мемлекеттік баж төленгеннен кейін ғана беріледі.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) сәйкес төленген консулдық алымдардың сомалары қайтарылуға жатпайды.

108. Шетелдіктің жол жүру құжатында пайдаланылмаған визасы болған жағдайда, немесе оның қолданыс мерзімі аяқталмаса, жаңа виза бұрынғы визаны жою шартымен беріледі.

109. Қазақстан Республикасы танымайтын жол жүру құжатын ұсынған адамға

виза беретін жағдайда, виза қағаздың жеке парағына жапсырылуы мүмкін, осы парақты визаның қолданыс мерзімі өткеннен кейін Қазақстан Республикасынан кету кезінде одан әрі ҚР СІМ-ге табыстау үшін ҚР ҰҚК Шекара қызметінің өкілдері алуы тиіс.

110. Мемлекеттер тізімінде көрсетілген елдердің шетел азаматтарының жол жүру құжаттарын тіркеу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өту пункттерінде жүзеге асырылады.

## 12. Визаны беруден бас тарту негіздері

111. Виза алушыға:

1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоғамдық тәртіпті және/немесе тұрғындардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мүдделерінде;

2) егер оның іс-әрекеттері конституциялық құрылымды күшпен өзгертуге бағытталса;

3) егер ол Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігіне қарсы шықса, оның аумағының бірлігі мен тұтастығын бұзуға шақырса;

4) егер ол мемлекетаралық, ұлтаралық және діни араздықты қоздырса;

5) егер бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының және басқа адамдардың құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау үшін қажет болса;

6) егер оның Қазақстан Республикасында осының алдында болған уақытында Қазақстан Республикасының шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы заңнамаларын бұзғаны туралы деректері анықталса;

7) егер ол кіру туралы қолдаухаты өтініш берген кезінде өзі туралы жалған мәліметтерді хабарласа немесе осы Қағидаларда көрсетілген толық құжаттарды ұсынбаса;

8) егер ол лаңкестік әрекеті үшін сотталса немесе сот оны аса қауіпті қылмыскер деп таныса;

9) оралмандарды, Қазақстан Республикасында немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында тұрған адамдарды және олардың отбасы мүшелерін қоспағанда Қазақстан Республикасында болу және одан кету үшін қажетті қаражатының бар екендігі туралы растауды ұсынбаса;

10) визаларды алу үшін осы Қағидалармен көзделген шарттарды орындамаған жағдайда виза беруден бас тартылады.

112. Өтініш берушіге виза беруден бас тарту себептері түсіндірілмейді. ҚР-дың шет елдердегі мекемелері бас тарту себебін көрсете отырып, виза беруден бас тарту дерегі туралы ҚР СІМ-ді хабардар етеді.

113. Бұрын Қазақстан Республикасынан шығарылған адамдарға елден

шығару туралы соттың шешім қабылдаған күнінен бастап 5 жыл ішінде Қазақстан Республикасына келуге тыйым салынады.

114. Виза алушыларға мына жағдайларда:

1) егер оны қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіздемелер бар болса - істің аяқталу мерзіміне дейін;

2) егер ол жасаған қылмысы үшін сотталса – жазасын өтегенге дейін немесе жазадан босатылғанға дейін;

3) егер ол соттың оған жүктеген міндеттемелерін орындаудан жалтарса – міндеттемелер орындалғанға дейін Қазақстан Республикасынан кету визасын беруден бас тартылады.

115. Виза алушының Қазақстан Республикасынан кетуі ҚР азаматтарының, басқа жеке және заңды тұлғалардың айтарлықтай мүдделеріне қатысты мүліктік міндеттемелерін орындағанша кейінге қалдырылады.

## 13. Визаларды ұзарту тәртібі

116. Визаның қолдану мерзімі осы Қағидалардың 118-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасында болу мерзімін ұзарту қажеттілігін растайтын құжаттарды беру негізінде немесе форс-мажорлық жағдайларда 5 жұмыс күні ішінде ұзартылады.

117. Визаның қолдану мерзімін ұзарту «қосымша мәліметтер/additional information» бағанына қолдану мерзімі аяқталған визаның нөмірін көрсете отырып (мысалы: № 1140610729 визаны ұзарту) сол санаттағы визаны беру жолымен жүргізіледі.

118. ҚР СІМ визалардың мынадай санаттарын ұзартады:

1) «A1», «A2», «B1», «B2» - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық ұйымдар және олардың өкілдіктерінің шақыруы бойынша ҚР аумағына келген адамдар үшін – аталған ұйымдардың жазбаша өтініштері негізінде. Визаны қолдануды 1 жылға дейінгі мерзімге ұзарту жүзеге асырылады;

2) «C1» және «C2» - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитетінің хаты негізінде. Визаны қолдануды 1 жылға дейінгі мерзімге ұзарту жүзеге асырылады;

3) «D1», «D2», «D3» - Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының, шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, Қазақстан Республикасында тіркелген халықаралық ұйымдар және олардың өкілдіктерінің шақыруы бойынша Қазақстан Республикасы аумағына келген адамдар үшін – аталған ұйымдардың жазбаша

өтініштері негізінде ұзартады. Визаны қолдануды 180 тәулікке дейінгі мерзімге ұзарту жүзеге асырылады.

119. ҚР ІІМ визалардың мынадай санаттарын ұзартады:

1) «E1», «E2» және «E3» - діни қызмет саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісілген Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген діни бірлестіктің жазбаша өтініші негізінде. Визаны қолдануды 180 тәулікке дейінгі мерзімге ұзарту жүзеге асырылады;

2) «D8» - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жазбаша өтініші негізінде. Визаны қолдануды 1 жылға дейінгі мерзімге ұзарту жүзеге асырылады;

3) «K1», «K2», «K3» - шақырушы тараптың жазбаша өтініштері негізінде Заңмен белгіленген мерзімге жүзеге асырылады;

4) «L1» - Қазақстан Республикасында тіркелген оқу орнының немесе білім саласындағы уәкілетті органның жазбаша өтініші негізінде. Визаны қолдануды 1 жылға дейінгі мерзімге ұзарту жүзеге асырылады;

5) «M1» - бұрын алғашқы визаны алу үшін визалық қолдауды және жұмысқа орналастыру немесе шетелдік жұмыс күшін тартуды ресімдеген шақырушы тараптың жазбаша өтініші негізінде, егер осындай рұқсат беру «Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квотаны белгілеу қағидалары» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы № 45 қаулысына сәйкес талап етілетін болса, M1 визасының қолдану мерзімін ұзарту берілген рұқсаттың қолдану мерзімінде жүзеге асырылады;

6) «M2» - осы Қағидалардың 60-тармағы 1) және 2) тармақшаларында аталған адамдардың «M1» санатында берілген визасының көшірмесі немесе ұзартылған визалардың көшірмесі бойынша шақырушы тараптың жазбаша өтініші негізінде «M2» санаты визасының қолданылуын ұзарту «M1» санаты визасының қолданылу мерзімінде жүзеге асырылады.

7) «P8» - алдын ала тергеу жүргізіп жатқан органның немесе қылмыстық іс қаралып жатқан соттың жазбаша өтініші негізінде, алдын ала тергеу не сот тыңдауын аяқтауға қажетті мерзімге беріледі, бірақ 180 тәуліктен аспауы тиіс.

120. ҚР СІМ және ҚР ІІМ визалардың мынадай санаттарын ұзартады:

1) «G2» - денсулық сақтау саласындағы уәкілетті органның немесе оның Астана және Алматы қалаларындағы, облыстардағы аумақтық бөлімшелерінің жазбаша өтініші негізінде. Визаның қолдану мерзімін ұзарту емдеу үшін қажетті мерзімге жүзеге асырылады, алайда 1 жылдан аспауы тиіс.

2) «L2» - заңды тұлғалардың шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің, консулдық мекемелерінің, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдардың және олардың өкілдіктерінің жазбаша өтініші негізінде. Визаның қолдану мерзімін 1 жылға дейінгі мерзімге немесе оқу тәжірибесінен немесе тағылымдамадан өту мерзіміне дейін ұзарту жүзеге

асырылады, бірақ 1 жылдан аспауы тиіс.

121. Осы Қағидаларда көрсетілген жағдайлардан басқа кезде визалардың қолдану мерзімі ұзартылмайды.

122. «E1», «E2», «E3» санатындағы визалардың қолдану мерзімі тек бір рет қана ұзартылады.

123. «E1», «E2», «E3», «G2», «K1», «K2», «K3», «L1», «L2», «M1», «M2» санатындағы визалардың қолдану мерзімін ұзарту ҚР ҰҚК-мен келісіледі.

ҚР ҰҚК бөлімшелері визаларды ресімдеуді келісуді 3 тәуліктің ішінде қамтамасыз етуі тиіс.

124. Визаларды ұзарту туралы қолдаухатты тек бұрын алғашқы визаны алуға арналған шақыруды ресімдеген шақырушы тарап бере алады. «L1» және «L2» санаттарындағы визаларды қоспағанда, басқа адамдардың өтініштері қаралмайды .

## 14. Қорытынды ережелер

125. Қазақстан Республикасына визасыз көшіп келу түріне жатпайтын виза алу мақсатында келген, алайда ресімделген шақыруы бар виза алушыларға ҚР СІМ басшылығының шешімімен 10 тәулікке дейін виза беріледі.

Қазақстан Республикасына визасыз және шақырусыз, көшіп келу түріне жатпайтын виза алу мақсатында келген виза алушыларға форс-мажорлық жағдайларда ҚР СІМ басшылығының шешімімен 3 тәулікке дейін виза беріледі.

126. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес визаны ресімдеу үшін, соның ішінде оның қолдану мерзімін ұзартуға және қалпына келтіруге консулдық алым немесе мемелекеттік баж алынады.

127. Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген жағдайларда визалық қолдау мен виза ресімдеу үшін консулдық алым алынбайды.

128. ҚР СІМ және ҚР шет елдердегі мекемелерінің немесе ішкі істер органдарының қызметкерлерімен жіберілген қателік визада табылған кезде, сол санаттағы және сол мәртедегі виза консулдық алым немесе мемлекеттік бажсыз қайта беріледі.

129. Егер шетелдіктің Қазақстан Республикасында болуы кезінде жол жүру құжаты одан әрі қолдануға жарамсыз болған жағдайда, және оның иесі жаңа жол жүру құжатын ұсынса, бұрынғы визаның барлық деректемелерін көрсетілген жаңа визаға көшіру жүзеге асырылады.

ҚР СІМ ҚР СІМ-мен немесе ҚР-дың шет елдердегі мекемелері берген барлық санаттағы визаларды көшіреді.

ҚР ІІМ «А1», «А2», «А3», «В1», «В2», «В3» санаттарындағы визаларды қоспағанда, визаларды виза алушының уақытша тіркелген орыны бойынша көшіреді.

130. Жол жүру құжатына әлі жапсырылмаған визалық жапсырманы толтыру кезінде кеткен қателіктер табылған жағдайда ол жойылады.

131. Визалық жапсырманы толтыру кезінде кеткен қателіктер жол жүру құжатына жапсырылғаннан кейін табылған жағдайда, ол жойылады және келесі бетке жаңа виза жапсырылады.

132. Виза:

егер визаны беру кезінде визаны беру шарттары орындалмағаны анықталған жағдайда; егер виза алдау жолымен алынған деп есептеуге айтарлықтай негіздер бар болса;

егер беру шарттарының орындалуы немесе қолданылуы тоқтатылғаны анықталса жойылады.

133. ҚР СІМ, ҚР ІІМ және ҚР-дың шет елдердегі мекемелері осы Қағидалармен белгіленген өкілеттіктері шеңберінде визаны жоюды жүзеге асырады.

134. Әртүрлі себептер бойынша (мерзімдердің, санаттардың т.б. өзгеруі) жол жүру құжатындағы визалардың бүлінуі/жойылуы жағдайларында, құжаттан фотосурет және паспорттық деректері бар беттерінің, сондай-ақ бүлінген/жойылған визасы бар беттің көшірмесі алынады.

Әрбір бүлінген және жойылған визалық жапсырмаларға осы Қағидалардың 16-қосымшасына сәйкес акт жасалынады.

135. Одан әрі оны пайдалануға мүмкіндік бермеуге алып келген визаның еріксіз бүлінуі немесе ол жоғалған жағдайда оның беру деректерінің негіздері тексеріліп, расталғаннан кейін визаны қайта қалпына келтіруге болады.

Визаны қалпына келтіру шетелдіктің жазбаша өтініші бойынша немесе шақырушы тараптың жазбаша қолдаухаты бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларына
1-қосымша
Нысан

## Растамахат

Шығыс № ______
Мерзімі: «__»________20__жыл.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

____________________________________шақыруды қабылдауды растайды:
(шақырушы тараптың толық атауы)

1. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда):
2. Жынысы:
3. Туған жері және күні:
4. Азаматтығы (тиістілігі):
5. Ұлты:
6. Паспорт сериясы, №:
паспорттың берілген уақыты:
паспорттың жарамдылық мерзімі:
7. Жұмыс орны және лауазымы:
8. Тұрақты мекенжайы:
9. Виза алу орны:
10. Болу мерзімі:
11. Визаның мәртелігі:
12. Сапардың мақсаты:
13. Келу-кету көлік құралының түрі:
(тіркеу нөмірі және авто түрі, рейс нөмірі)
14. ҚР-дағы сапар бағыты және болу пункттері
15. ҚР-дағы тұрақты мекенжайы:
(қонақүй(лер)дің аты, мекенжайы, Қазақстан Республикасында уақытша болатын мекенжайлары):

Жетекші (қолтаңба және мөр) Т.А.Ә.

Орынд. (шетелдікті қабылдауға жауапты адам): _________ тел.______, ұялы телефон______________, электрондық мекенжай_______.

Ескерту:

1) Растамахат СТН, БСН, пошталық мекенжайы, телефоны, факс, электрондық мекенжайы, банктік деректемелері көрсетілген шақырушы ұйымның титулдық парағында ресімделеді (фирмалық бланкінде ресімделеді).

2) 1-жолда адамның тегі мен атының орысша транскрипциясын енгізу міндетті;

3) 6-жолда визаның қолдану мерзімі кемінде жүру құжатының қолданылу мерзімінен 3 ай бұрын бітуі тиіс.

4) 11-жолдағы визаның (бір, екі, үш, көп) мәртелігі көрсетілген болу мерзімі кезеңінде ҚР-ға келу санын білдіреді

5) 12-жолдағы «сапардың мақсаты» ҚР-да болу мерзімі мен сұралатын визаның мәртелігіне негізделіп толтырылады.

Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларына
2-қосымша
Нысан

## Қазақстан Республикасының визаларын беру журналы

| № р/н | Құжаттарды қабылдау мерзімі | Визаның № | Азааттғы | ТАӘ | Туған кү ні | Паспорттың № және сериясы | Виза берудің негізі | Шақырушы тұлға | Визаның санаты | Мәртелігі | Визаның қолдану мерзімі | Консулд алымдар мемлеке баж |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |

## Қазақстан Республикасының транзиттік визаларын (Н1) беру журналы

| № р/н | Құжаттарды қабылдау мерзімі | Визаның № | Азаматтығы | ТАӘ | Туған күні | Паспорттың № және сериясы | Виза берудің негізі (бару елінің визасы, билеті) | Визаның қолдану мерзімі | Консулдық алымдар/ мемлекеттік баж | Түбіртек № | Визаның берілу мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | |

Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларына
3-қосымша
ККД № 01 нысаны

## ҚР ___________________ берілген визалар, консулдық алымдардан төлем шотына түскен қаражаттар жөніндегі 20__ж. __________ айындағы статистикалық есебі

| № р/н | Берілген визалардың санаты | Жылдың басынан бастап ресімделген визалар | | | | | Есеп беру кезінде ресімделген визалар | | | | | Жылдың басынан бастап төленген консулдық алымдардың жиынтығы | | | | | Есеп беру ке төленген консулдық алымдардың жиынтығы | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | 1-м | 2-м | 3-м | Км | барлығы | 1-м | 2-м | 3-м | Км | барлығы | 1-м | 2-м | 3-м | Км | барлығы | 1-м | 2-м | 3-м |
| I | II | III | IV | V | VI | VII | VIII | IX | X | XI | XII | XIII | XIV | XV | XVI | XVII | XVIII | XIX | XX | XXI |
| 1 | A1 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 2 | A2 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 3 | A3 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 4 | B1 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 5 | B2 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 6 | B3 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 7 | C1 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 8 | C2 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 9 | D1 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 10 | D2 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 11 | D3 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 12 | D4 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 13 | D5 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 14 | D6 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 15 | D7 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 16 | D8 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 17 | D9 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 18 | D10 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 19 | F1 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 20 | F2 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 21 | F3 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 22 | F4 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 23 | G1 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 24 | H1 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 25 | H2 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 26 | H3 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 27 | H4 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 28 | H5 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 29 | H6 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 30 | H7 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 31 | H8 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 32 | H9 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 33 | H10 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 34 | H11 | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| БАРЛЫҒЫ | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 |

Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларына
4-қосымша

## Берілген визалар, визалардың қолдану мерзімін ұзарту, мемлекеттік баждардың төлем шотына келіп түскен қаражаттар, визалық жапсырмалардың шығыны жөніндегі 20__ж. _________ айындағы статистикалық есебі

| № р/н | Виза санаты | Жұмсалған визалық жапсырмалар бланктерінің толық саны | Берілген визалар | | | | | Ұзартылған визалар | | | | | Бүлінген визалық жапсырмалардың бланктері | Виза ресімдегені үшін алынатын мемлекеттік баждың сомасы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | барлығы | 1-м | 2-м | 3-м | км | барлығы | 1-м | 2-м | 3-м | км | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 1. | | | | | | | | | | | | | | |
| 2. | | | | | | | | | | | | | | |
| 3. | | | | | | | | | | | | | | |
| 4. | | | | | | | | | | | | | | |
| 5. | | | | | | | | | | | | | | |
| 6. | Барлығы: | | | | | | | | | | | | | |

Берілген күні: «___»__________ 20__ж.     Жауапты орындаушы _________

___________________________________________________________________

* Мәліметтер есептік кезеңінің соңына қарай өсу нәтижесі бойынша беріледі

Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларына
5-қосымша

## Берілген визалар, визалардың қолдану мерзімін ұзарту, мемлекеттік баждардың төлем шотына келіп түскен қаражаттар, визалық жапсырмалардың шығыны жөніндегі ҚР ІІМ 20__ж. __________ тоқсандағы статистикалық есебі

| № р/н | Берілген визалардың санаты | Есеп беру кезеңінде ресімделген визалар | | | | | Есеп беру кезеңінде төленген мем. баждың сомасы | | | | | Есеп беру кезеңінде ұзартылған визалар | | | | | Есеп беру кезеңін төленген мем. баж сомасы (ұзарту) | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Барлығы | 1-м | 2-м | 3-м | Км | Барлығы | 1-м | 2-м | 3-м | Км | Барлығы | 1-м | 2-м | 3-м | Км | Барлығы | 1-м | 2-м | 3-м |
| I | II | III | IV | V | VI | VII | VIII | IX | X | XI | XII | XIII | XIV | XV | XVI | XVII | XVIII | XIX | XX | XX |
| 1. | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 2. | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 3. | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 4. | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| 5. | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | | | 0 | | | |
| БАРЛЫҒЫ | | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | 0 | |

Есеп беру кезеңінде ________ визалық жапсырмалар жойылды.

Жауапты орындаушы________________

Берілген күні: «___»___20__ж.

Қазақстан Республикасының визаларын беру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидаларына
6-қосымша

## Визаның қолдану мерзімі, мәртелігі және болу кезеңі

| № р/н | Визаның санаты | Виза алушылар | Визаның мәртелігі | Визаның қолдану мерзімі | Болу кезеңі |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| I. Визаның түрі | | КӨШІП КЕЛУГЕ ЖАТПАЙТЫН ВИЗАЛАР | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | A1 | Дипломатиялық виза. «А1» санатындағы виза: 1) шет мемлекеттердің, үкіметтердің басшыларына және олардың отбасы мүшелеріне; 2) дипломатиялық паспорттары бар - шет мемлекеттер үкіметтерінің, парламенттерінің мүшелеріне және олардың отбасы мүшелеріне, сондай-ақ дипломатиялық паспорттары бар – ресми шетелдік делегациялардың мүшелеріне және оларды алып жүретін адамдарға беріледі. | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күнге дейін |
| | | | көп мәртелік | 3 жылға дейін | әр келген кезде 90 күнге дейін |
| 2. | A2 | Дипломатиялық виза. «А2» санатындағы виза: 1) дипломатиялық паспорттары бар, Қазақстан Республикасына қызмет бабымен жіберілетін адамдарға; 2) дипломатиялық агенттерге теңестірілген мәртебесі бар, халықаралық ұйымдардың паспорттары бар адамдарға; 3) курьерлік парағы болған жағдайда дипломатиялық паспорттары бар - дипломатиялық поштаны тасымалдайтын курьерлерге; 4) Қазақстан Республикасының құрметті консулдарына және олардың отбасы мүшелеріне беріледі. | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күнге дейін |
| | | | көп мәртелік | 3 жылға дейін | әр келген кезде 90 күнге дейін |
| 3. | A3 | Дипломатиялық виза. «А3» санатындағы виза шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің дипломатиялық агенттеріне, шетелдік консулдық мекемелердің консулдық лауазымды адамдарына, Қазақстан Республикасына жұмыс істеу үшін жіберілетін Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдардың немесе олардың өкілдіктерінің қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасында аккредиттелген шет мемлекеттердің құрметті консулдарына және олардың отбасы мүшелеріне беріледі. | көп мәртелік | 180 күннің ішінде 90 күнге дейін | 90 күнге дейін, одан әрі ҚР СІМ-де аккредиттеу ҚР СІМ-нің аккредитациясы біткеннен кейін – Қазақстан Республикасынан шығу үшін қажетті 90 күнге дейін |
| 4. | B1 | Қызметтік виза. «В1» санатындағы виза: 1) ресми шетелдік делегациялардың мүшелеріне және оларды алып жүретін адамдарға; | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күнге дейін |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 2) мемлекеттік органдардың шақыруы бойынша Қазақстан Республикасына жіберілетін адамдарға беріледі. | көп мәртелік | 3 жылға дейін | әр келген кезде 90 күнге дейін |
| 5. | B2 | Қызметтік виза.<br>«B2» санатындағы виза:<br>1) дипломатиялық агенттерге теңестірілген мәртебесі жоқ халықаралық ұйымдардың паспорттары бар адамдарға, сондай-ақ халықаралық ұйымдарда жұмыс істейтін ұлттық паспорттары бар адамдарға;<br>2) Қазақстан Республикасына қызмет бабымен жіберілетін қызметтік паспорттары бар адамдарға;<br>3) егер дипломатиялық паспорты болмай, курьерлік парағы болған жағдайда дипломатиялық поштаны тасымалдайтын дипломатиялық курьерлерге;<br>4) Қазақстан Республикасына қызмет бабымен жіберілетін шетелдік мемлекеттердің әскери қызметшілеріне;<br>5) шетелдік дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің, Қазақстан Республикасында аккредиттелген халықаралық ұйымдар мен олардың өкілдіктерінің шақыруымен Қазақстан Республикасына іссапармен жіберілетін адамдарға;<br>6) Қазақстан Республикасында аккредиттелген және ҚР СІМ басшылығының нұсқауы негізінде Қазақстан Республикасына жіберілген шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне беріледі. | бір мәртелік<br>көп мәртелік | 90 күнге<br>3 жылға дейін | 30 күнге дейін<br>әр келген кезде 90 күнге дейін |
| 6. | B3 | Қызметтік виза.<br>«B3» санатындағы визалар дипломатиялық өкілдіктердің әкімшілік-техникалық және қызмет көрсетуші персоналының мүшелеріне, халықаралық ұйымдардың немесе олардың өкілдіктерінің қызметкерлеріне, консулдық қызметкерлерге, Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетелдік мемлекеттердің консулдық мекемелеріне қызмет көрсететін персоналдың жұмыскерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне беріледі. | көп мәртелік | 180 күннің ішінде 90 күнге дейін | 90 күнге дейін, одан әрі ҚР СІМ-де аккредиттеу<br>ҚР СІМ-нің аккредитациясы біткеннен кейін – Қазақстан Республикасынан шығу үшін қажетті 90 күнге дейін |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 7. | C1 | Инвесторлық виза. «C1» санаттарындағы визалар Қазақстан Республикасының экономикасын инвестициялауға қатысушы шетелдік заңды тұлғалардың басқарушы буынының өкілдері мен басшыларына, Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушыларына ( бұдан әрі – АӨҚО), сондай-ақ олардың жұбайлары мен кәмелеттік жасқа толмаған балаларына беріледі. | көп мәртелік | 3 жылға дейін | визаны қолданудың барлық кезеңінде |
| 8. | C2 | Инвесторлық виза. «C2» санаттарындағы визалар Қазақстан Республикасының экономикасын инвестициялауға қатысушы шетелдік заңды тұлғалардың басқарушы буынының өкілдері мен басшыларына, АӨҚО қатысушыларына, сондай-ақ олардың жұбайлары мен кәмелеттік жасқа толмаған балаларына беріледі. | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күнге дейін |
| 9. | D1 | Іскерлік виза. «D1» санатындағы виза Қазақстан Республикасына: 1) конференцияға, симпозиумге, форумдарға, көрмелерге, концерттерге, мәдени, ғылыми, спорттық және басқа да іс-шараларға қатысу; 2) лекциялар оқу және жоғары оқу орындарында сабақ беру мақсатымен бара жатқан шетелдіктерге беріледі. | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күнге дейін |
| | | | екі мәртелікүш мәртелік | 90 күнге | әр келген кезде 30 күннен аспауы керек |
| 10. | D2 | Іскерлік виза. «D2» санатындағы виза Қазақстан Республикасына 1) іссапар; 2) жабдықты монтаждау және техникалық жөндеу қызметін көрсету; 3) Қазақстан Республикасының білім беру мекемелеріндегі оқуды қоспағанда, жастар, студенттік және мектепшілік алмасу бағдарламасына қатысу мақсатымен бара жатқан шетелдіктерге беріледі. | көп мәртелік | 1 жылға | 180 күннің ішінде 60 күннен аспауы керек |
| 11. | D3 | Іскерлік виза. «D3» санатындағы виза Қазақстан Республикасына 1) гуманитарлық көмекті алып жүру; 2) келіссөздер жүргізу,келісімшарттар жасау, консультациялық немесе | көп мәртелік | 3 жылға дейін | әр келген кезде 30 күннен аспауы керек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аудиторлық қызметтер көрсету мақсатымен бара жатқан шетелдіктерге беріледі. | | | , бірақ 180 күнде 60 күннен аспауы керек |
| 12. | D4 | Іскерлік виза. «D4» санатындағы визалар халықаралық автомобильдік тасымалдауды жүзеге асыратын шетелдіктерге беріледі. | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күннен аспауы керек |
| | | | көп мәртелік | 1 жылға | әр келген кезде 30 күннен аспауы керек |
| 13. | D5 | Іскерлік виза. «D5» санатындағы визалар пойыз бригадаларының құрамына енетін шетелдіктерге беріледі. | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күннен аспауы керек |
| | | | көп мәртелік | 1 жылға | әр келген кезде 30 күннен аспауы керек |
| 14. | D6 | Іскерлік виза. «D6» санатындағы визалар Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының (ААХҰ) тиісті куәлігі жоқ, тұрақты әуе ұшақтарының және чартерлік авиарейс ұшақтарының экипаж мүшесі болып табылатын шетелдіктерге беріледі. | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күннен аспауы керек |
| | | | көп мәртелік | 1 жылға | әр келген кезде 30 күннен аспауы керек |
| 15. | D7 | Іскерлік виза. «D7» санатындағы виза теңіз және өзен кемелерінің экипаж мүшелері болып табылатын шетелдіктерге беріледі. | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күннен аспауы керек |
| | | | көп мәртелік | 1 жылға | әр келген кезде 30 күннен аспауы керек |
| 16. | D8 | Іскерлік виза. «D8» санатындағы виза Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан әскери бөлімнің мүшесі болып табылатын шетелдіктерге беріледі. | көп мәртелік | 1 жылға | әскери қызметінің мерзімі бойынша |
| 17. | E1 | Миссионерлік (діни) виза. «Е1» санатындағы виза Қазақстан Республикасына діни қызметпен келетін шетелдіктерге беріледі. | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күннен аспауы керек |
| | | | екі мәртелік үш мәртелік | 90 күнге | әр келген кезде 30 күннен аспауы керек |
| | | | көп мәртелік | 180 күнге | 30 күннен аспауы керек |
| 18. | E2 | Миссионерлік виза. «Е2» санатындағы виза Қазақстан Республикасына миссионерлік қызметті жүзеге асыру үшін жіберілген шетелдіктерге беріледі. | көп мәртелік | 180 күнге | 180 күнге |
| 19. | E3 | Миссионерлік виза. «Е3» санатындағы виза «Е2» санатындағы визасы бар адамдардың асырауында болатын отбасы мүшелеріне беріледі. | көп мәртелік | отбасы мүшесінің «Е2» санатындағы визасының мерзіміне сәйкес беріледі | отбасы мүшесінің « Е2» санатындағы визасының мерзіміне сәйкес беріледі |
| 20. | F1 | Туристік виза. «F1» санатындағы виза Қазақстан | бір мәртелік | 90 күнге | 30 күннен аспауы керек |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Республикасына турист ретінде жіберілетін шетелдіктерге беріледі. | екі мәртелік үш мәртелік | 90 күнге | әр келген кезде 30 күннен аспауы керек |
| 21. | G1 | Жеке виза. «G1» санатындағы виза Қазақстан Республикасына жеке жұмыстарымен жіберілетін шетелдіктерге беріледі. | бір мәртелік екі мәртелік үш мәртелік | 90 күнге | 1 жылда әр келген кезде 90 күннен аспауы керек |
| | | | көп мәртелік (тек қана этникалық қазақтарға) | 1 жылға | визаны қолданудың барлық кезеңінде |
| 22. | G2 | Жеке виза. «G2» санатындағы визалар: 1) емделу, медициналық тексеруге немесе консультациялар алу үшін Қазақстан Республикасына келушілерге; 2) стационарлық жағдайда емдеу қажеттілігі туындаған кезде Қазақстан Республикасында жүрген шетелдіктерге; 3) Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын жақын туыстарының стационарлық жағдайда емделіп жатқан шетелдікке немесе Қазақстан Республикасының азаматына қарау мақсатында Қазақстан Республикасына жіберілген немесе Қазақстан Республикасында жүрген шетелдіктерге беріледі. Туыстық дәрежесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады; 4) жағдайларды растайтын құжаттары бар болған кезде осы тармақтың 1) және 2) тармақшасында көрсетілген адамдарды алып жүруші шетелдіктерге беріледі. | бір мәртелік | 180 күнге | 90 күннен аспауы керек |
| | | | екі мәртелік үш мәртелік | 180 күнге | әр келген кезде 90 күннен аспауы керек |
| 23. | G3 | Жеке виза. «G3» санатындағы визалар Қазақстан Республикасының азаматтарын асырап алу үшін Қазақстан Республикасына жіберілетін шетелдіктерге визалық қолдаудың негізінде беріледі. | бір мәртелік | 180 күнге | 120 күннен аспауы керек |
| | | | екі мәртелік үш мәртелік | 180 күнге | әр келген кезде 120 күннен аспауы керек |
| 24. | G4 | Жеке виза. G4» санатындағы визалар Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын және уақытша шетелге шығатын кәмелетке толмаған шетелдікке беріледі. | екі мәртелік | 60 күнге | 60 күнге |
| 25. | H1 | Транзиттік виза. «H1» санатындағы виза визасыз транзит жасауға құқығы жоқ шетелдіктерге үшінші елге келуге | | 90 күнге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өту үшін беріледі. | бір мәртелік екі мәртелік үш мәртелік | | бір бағытта 5 күннің ішінде |
| II. Визаның түрі | | КӨШІП КЕЛУ ВИЗАЛАРЫ | | | |
